



XII жазғы Универсиада ойындарында бадминтоннан ҚазҰУ құрама командасының I орын иегерлеріне

ҚҰРМЕТТІ СТУДЕНТТЕР!

Өз атымнан және өздерің білім алып жатқан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы атынан жарқын жеңістеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Ақтау қаласында өтіп жатқан XII жазғы Универсиада ойындарында бадминтоннан құрама командалар арасында I орын иемденіп, университет мерейін тасыттыңыздар.

Соның ішінде өздеріңе дәріс беріп, жетістіктеріңнің куәсі болған оқытушы-ұстаздарың айрықша мақтанышқа бөленді.

Өздерің сияқты танымал спортшылардың әрбір жеңісі кейінгі студент жастар үшін де жарқын үлгі.

Осы ретті пайдалана отырып, дендеріңе саулық, отбасыларыңа амандық тілеймін.

Тәрбиелеп өсірген ата-аналарыңа, қолдау көрсетіп жүрген бауырларыңа алғыс білдіремін.

Жеңісті сәттерің көп болсын!

Біз – сендермен мақтанамыз!

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Басқарма Төрағасы-Ректор**

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ